

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 16 мамыр N 728

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің кідіртуге болмайтын мұқтаждарын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтілмеген шығыстарға көзделген резервінен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне 98 860 000 (тоқсан сегіз миллион сегіз жүз алпыс мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бөлінетін

қаражаттың пайдаланылғаны туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 2000 жылдың қорытындысы бойынша есеп берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.